

ЛЕНИН ТУЫ

ҚАЗАҚСТАН КІІ СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ, ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТТЕРІНІҢ
және ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ГАЗЕТИ

№ 215 (9792) 1955 жылғы 29 октябрь Сенбі

Шығуына 36 жыл,
жеме саны 20 тыйын.

Бұқаралық-саяси жұмысты өскелең міндеттер дәрежесіне көтерейік

Партиямыздың Орталық Комитетінің Ұлы Октябрь социалистік революциясының 38 жылдығына арнаған Ұрандары облыс еңбекшілерін еңбектегі жаңа табыстарға жігерлендірді. Бұл күндері әрбір өнеркәсіп, транспорт, құрылыс орнында, колхоз бен МТС-те, совхозда еңбек қыза түсті.

Облыс еңбекшілерінің күн санап өсіп отырған саяси және өндірістік белсенділіктерін үнемі қолдау, сөйтіп шаруашылық және мәдени құрылыс саласында жаңа табыстарға жетізе беру партия ұйымдарының айбынды міндеті болып табылады. Облыстық партия комитетінің жақында болып өткен пленумы міне осы мәселеге арналды. Пленум облыстағы бұқаралық-саяси жұмыстың жаңы және оны жақсарту туралы мәселе қарай, партия ұйымдарының жұмысына терең талдау жасады.

Облыс партия ұйымы еңбекшілер бұқарасын партия мен үкіметтің халық шаруашылығының барлық саласын шұғыл өрге бастыру жөніндегі тарихи қарарларын жүзеге асыру жолындағы күреске жұмылдыруда бірқатар жұмыс істеп отыр. Осының нәтижесінде үстіміздегі жылы өнеркәсіп орындары тоғыз айлық өндірістік жоспарды артығымен орындап, жоспардан тыс миллиондаған сомның өнімін берді. Облыстың колхоздары мен совхоздары соңғы екі жылда егіс көлемін 914,3 мың гектар ұлғайтып, 1 миллион гектардан астам тың және тыңайған жерлерді игерді. Былғы жүгері дақылдың егіс көлемі 56 мың гектарға жетті. Бұл табыстарға бұқара арасында жүргізіліп отырған саяси және мәдени ағарту жұмыстарының қосқан үлесі мол.

Алайда, облыстық партия комитетінің пленумы атап көрсеткендей, бүкіл идеологиялық жұмыстың өрісі мен идеялық-саяси дәрежесі партия ұйымдарының алдында тұрған өскелең міндеттерден кейін қалып келеді. Облыстың ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруде, сондай-ақ бірқатар өнеркәсіп орындарының өндірістік жоспарды орындауда артта қалуларының негізгі себептерінің бірі, міне, осында болып отыр. Кейбір партия ұйымдары өздерінің практикалық жұмысында саяси

тия комитеттері бастауыш партия ұйымы секретарьларының семинарларын жиі өткізіп, оларды бұқаралық саяси жұмыстың әдістері мен түрлерін пайдалануға үйретіп отыруға тиіс.

Еңбекшілерді саяси тәрбиелеуде лекциялық насихаттың маңызы зор. Партия комитеттерінің лекторлар тобы, саяси және ғылыми білімдерді тарату жөніндегі қорамның мүшелері, облыстық лекция бюросының лекторлары егіс және трактор бригадаларындағы және алыстағы мал фермаларындағы еңбекшілер арасында жиі болып, жалпы саяси мәселелер, ғылыми білімдер, озат тәжірибелер жөнінде үнемі лекциялар оқуға міндетті.

Облыстық партия комитетінің пленумы мәдени-ағарту мекемелеріндегі кемшіліктерді жедел жоюды талап етті. Партия, совет ұйымдары мәдени-ағарту қызметкерлерінің тапсырылған жұмысқа жауапкершілігін арттырып, әрбір клубтың, кітапхананың, оқу үйінің, қызыл мүйіздің шын мәніндегі мәдениет орталығы болуға жеткізуге тиіс. Әрбір елді пунктке кітапхана мен клуб үйінің, әрбір фермада қызыл мүйіздің, радио қабылдағыштың немесе репродуктордың жұмыс істеуін қамтамасыз ету керек. Мәдени-ағарту мекемелерін қысқы жағдайдағы жұмысқа тыңғылықты әзірлеуге ерекше көңіл бөлен жөн.

Бірқатар жерлерде мәдени-ағарту мекемелерін даярлығы кем адамдар басқарады. Сондықтан облыстық партия комитетінің пленумы үстіміздегі жылы мәдени-ағарту мекемелеріне коммунистер мен комсомолецтерден 300 адамды жұмысқа жіберуді қажет деп тапты. Партия ұйымдары бұл нұсқауды мұлтқиесіз жүзеге асырып, мәдени-ағарту мекемелері қызметкерлерінің сана құрамының жақсаруына жеткізуге тиіс. Сонымен қатар тағудағы екі жылда облыстың барлық елді пункттерін жаспай радиоландыру маңызды міндеттердің бірінен саналады.

Партия, совет, кәсіподақ және комсомол ұйымдары өнеркәсіп орындары мен колхоздарда, совхоздарда және МТС-терде, көпшілік орындарында керекті үгітті кеңінен ұйымдастырып, оның мазмұнын еңбекшілердің алдында айтып отыруға міндеттенді.

Мерекеге лайықты тартулар әзірлейік!

ЖАН-ЖАҚТЫ ӘЗІРЛІК

«Мир» колхозының (Ленин ауданы) мүшелері егіннің жылдан-жылға өнімді мол беруін бірінші кезектегі міндет етіп қойып келеді. Сондықтан мұнда тұқым дайындау, зябь жұрту істеріне ерекше маңыз беріледі.

Үстіміздегі жылы колхоздағы тұқымдық учасоктерден алынған астық іле тазаланып, қоймаларға құйылды. Колхозда 1956 жылдың егісіне арналған 4570 центнер дәнді дақылдар тұқымы бар. Оның ішінде 3900 центнері бидай. Бұл түгел себу кондициясына жеткізіле тазартылды.

Астық тазарту жұмысын колхоз толық механикаландырды. Жұмыс күні-түні бірдей жүргізіледі. Тұқым тазартуда колхозшы М. Гуш, Р. Кох, Е. Шмидт, тағы басқа жолдастар ерекше еңбек сіңіріп келеді.

Колхозда келесі егіске керекті тұқым ғана емес, сондай-ақ жер де әзір. Оның көпшілігі күз зябьке жұртылды. Көзір зябьтің өзі 4 мың гектарға жуық.

Басқа шаралармен қатар, ендігі жылы көктемде Мальцев әдісі бойынша өңделген жерлерге егін егілетін болады. Осы мақсатпен быйыл 288 гектар жер қайырмасыз плугпен қыртысы аударылмай қоспытылды. Мальцев әдісі бойынша 173 гектар алаң сыдыра жұртылды.

«Мир» колхозының колхозшылары мен осында жұмыс істеп жүрген механизаторлар Ұлы Октябрь социалистік революциясының 38 жылдығын еңбектегі табыстармен атап өту үшін бар күш-жігерін жұмсауда.

А. ГАЛИЦКАЯ,
Колхоз агрономы.



Петропавл станциясы жұмысшыларды жабдықтау бөлімінің еңбекшілер заказдарын орындайтын цехында тігінші болып жұмыс істейтін Анна Лактионова жолдас партияның XX съезі құрметіндегі жарыста сменалық тапсырманы үнемі 150-160 проценттен орындайды.

СУРЕТТЕ: А. Лактионова жолдас.
Суретті түсірген И. Пасечный.

ОЗАТ БРИГАДА

Октябрь ауданы, Жамбыл атындағы колхозда жұмыс істейтін № 8 трактор бригадасының механизаторлары тың жерлер игеруде аянбай еңбек етуде. Бригада мүшелері екі көктемде ғана 4 мың гектардан аса тың көтерді. Озат тракторшылар Кузнецов, Брусинко, Наконечный зябь жұртуда күнделік нормаларын үнемі 120—150 проценттен орындады. Бригада соңғы жыйырма күн ішінде екі мың гектардан аса зябь жұртты.

Көзір С. Кирьянов басқаратын бригада жылдық жұмыс жоспарын толық орындап, осы колхоздағы № 9 трактор бригадасына көмектесуде. Олар бұл бригадаға бір мың гектардан аса жер жұрттып беруде міндеттенді.

Ж. СЕЙІТБЕКОВ.

Темір жол бөлімшесінде

ВАГОНДАРДЫҢ БОС ТҰРУЫ

ҚЫСҚАРТЫЛДЫ

Вагон депосының Николай Давыдов жолдас басқаратын бригадасы вагондарды орта жөндеуден өткізетін цехта еңбек етеді. Бұл бригада негізінен комсомолецтер мен жастардан құралған. Өлкен он ай ішінде Давыдов жолдас басқаратын бригада коллективі үздік еңбек етіп, социалистік жарыста бірінші орында келеді. Бригада еңбек өнімділігін еселеп арттыру, жұмсалатын материалдар мен шикізаттардың үнемдеу арқылы көзірдің өзінде 80 мың сомдай мемлекет қаржысын үнемдеді. Сол сияқты бір вагонды орта жөндеуден өткізуге бұрын 42 сағат уақыт кетсе, олар бұл уақытты 8 сағатқа дейін қысқартты.

Бригада коллективі октябрь айында 23 вагонның орнына, 26 вагон жөндеді. Олар Ұлы Октябрь социалистік революциясының 38 жылдық мерекесін өндірістік зор табыстармен қарсы алуды ұйғарып, октябрь айының аяғына дейін жоспардан тыс тағы да 9 вагон жөндеуге міндеттеніп отыр.

Бұл күндері ағаш шебері комсомолец Толоу Мұхаммадеев, газосварщик Сергей Шленский, моляр Татьяна Киселева, слесарі Александр Гусар және басқалар еме-


үшін Поздняков жолдас Омек темір жолының Құрмет кітапшасына жазылды.

Осы цехта еңбек ететін комсомолец токарь Михаил Люков жолдасының да еңбек көрсеткіші жоғары. Люков жолдас еліміздің атақты токарі Сталиндік сыйлықтың лауреаты Николай Колесовтың жұмыс әдісін өндіріске енгізе білген жастардың бірі. Ол смена сайын тапсырманы 250—270 проценттен кем орындамайды.

Цехтың озат токарьлары Виктор Швидешко, Борис Измайлов және Иван Наумов жолдастардың өндірісте қол жеткен табыстары атап айтарлықтай. Цех коллективі бұл күндері жылдық өндірістік тапсырманы Ұлы Октябрь социалистік революциясының 38 жылдық мерекесіне дейін орындап шығу үшін қажырлы күрес жүргізуде.

ОЗАТТАР ҚАТАРЫ ӨСУДЕ

Мереке құрметіне еңбек вахтасына тұрған локомотив бригадаларының жұмыс көрсеткіштері жөнінде депо диспетчерлеріне қуанышты хабарлар жиі түсіп тұрады. № 419 тепловоз бригадасында Тимофей Котельников, Михаил Войнов және Владимир Свечников жолдастар еңбек етеді. Бригада коллективі октябрь айының 15 күні ішінде 11 ауырсапмақты поезддар алып жүрді. Бұл поезддармен жос-



Шойын құю-таразы заводы республикамыздың тың және тыңайған жерлер игеріп жатқан совхоздарына дала кухняларын көптеп жасап беруде.

СУРЕТТЕ: сменалық тапсырманы 300 проценттен орындайтын В. Лобанский және Г. Голиков жолдастар.

Суретті түсірген И. Пасечный.

ҚҰРЫЛЫСШЫЛАР ӨРЛЕУІ

Үстіміздегі жылдың бас кезінде құрылған Ленин совхозының коллективі басқа шаруашылық жұмыстарымен қатар құрылыс жұмыстарын жүргізуге ерекше назар аударды. Механизаторлар мен басқа да жұмысшылар жер жұрту, егін егу, өнім жыйнау жұмыстарынан босаған кезде құрылысшыларға көмектесіп отырды. Совхоз орталығындағы пайдалануға берілген ондаған тұрғын, аурухана, асхана, магазин, клуб үйлеріне көп еңбек сіңді.

Құрылысшылардың Октябрь революциясының 38 жылдық мерекесі құрметіндегі социалистік жарысы күн сайын өріс алуа. Оларды СОКП Орталық Комитетінің Ұлы Октябрь социалистік революциясының 38 жылдығына арнаған шақыруы еңбек өнімділігін бұрынғыдан да арттыруға жігерлендірді.

А. ҚОЗБАЕВ.

негізгі екенін ұмытпады. Үгітші — саяси жұмыстың тұлғасы екені мәлім. Алайда, бірқатар жерлерде саяси жұмыс даярлығы кем адамдарға талпырылды. Үгітшілерді іріктен алу ісі әсіресе Петропавл қаласы мен Октябрь, Совет аудандарында бітіммен жіберілген. Партия ұйымдары үгітшілерді іріктен алу және оларды тәрбиелеу жолындағы кемшіліктерді жоюға тиіс. Үгіт коллективінің құрамы саяси даярлығы мол коммунистер, партияда жоқ интеллигенттер, әсіресе агрономдар мен зоотехниктер, дәрігерлер мен мұғалімдер, инженерлер мен өндіріс озаттары есебінен толықтырылуы керек. Бастауыш партия ұйымдарында шаруашылық-саяси міндеттердің орындалуы жөнінде үгітшілердің кеңесі алта сайын өткізіліп, онда басшы партия, совет қызметкерлерінің, ауыл шаруашылығы мамандарының, өндіріс озаттарының баяндамалары ұйымдастырылуы қажет. Осы сияқты аудандық және қалалық пар-

тия ұйымдарында, колхоздар мен совхоздарда, МТС-терде және аудан орталықтарында «Көрсеткіш тақталары» мен «Құрмет тақталары» ұйымдастырып, ұрандар мен плакаттардың, диаграммалардың болуына жетісу керек. Бұқаралық-саяси және мәдени-ағарту жұмыстарының мазмұны жұмысшылар мен колхозшы шаруалардың социалистік жарысын кеңінен өрістетуге, өндірістік жаңа табыстарға жетуге бағытталсын. Бұқара арасындағы саяси үгіттің және мәдени-ағарту жұмыстарының мазмұны еңбекшілерді СОБП Орталық Комитеті январь және июль Пленумдарының қарарларын ойдағыдай жүзеге асыру, партиямыздың XX съезін лайықты табыстармен қарсы алу жолындағы күреске жұмылдыру болып табылады. Сондықтан бастауыш партия ұйымдары мен қалалық, аудандық партия комитеттері бұқара арасындағы жұмысқа басшылықты мейлінше жақсартып, оны жаңа сатыға көтеруге міндетті.

И. В. Мичуриннің туғанына 100 жыл толды

ССРО Үлкен театрындағы салтанатты мәжіліс

Бүгін ССРО Үлкен театрында ССРО Ғылым Академиясының, В. И. Ленин атындағы Бүкілодақтық ауылшаруашылық Ғылым академиясының министрліктер, ғылыми мекемелер өкілдерімен, ауыл шаруашылығының озаттарымен бірлескен, советтің аса көрнекті биолог-ғалымы И. В. Мичуриннің туғанына 100 жыл толуына арналған салтанатты мәжілісі болды.

Мерекелік мәжілісте көрнекті совет ғалымдарымен бірге Совет Одағының барлық түшкірлерімен — Урал мен Кавказдан, Сибирь мен Прибалтикадан, Украинадан және Орта Азия Республикаларынан келген агрономдар, зоотехниктер, колхоз бен совхоз өндірісінің жаңашылдары мен озаттары қатысуда.

Мәжілістің президиумында — Н. А. Булагини, К. Е. Ворошилов, Л. М. Каганович, Г. М. Маленков, М. Г. Перухин, М. З. Сабуров, Н. И. Беляев, Д. Т. Шенилов жолдастар. Президиумда мұнымен қатар министрлер, ғалымдар, Москва мен Мичуринскінің партия, совет және қоғам ұйымдарының өкілдері, тәжірибеші мичуриншілер, колхоздар мен совхоздардың озат адамдары отырды.

И. В. Мичуриннің туғанына жүз жыл толуын мейрамдауға қатысу үшін совет астанасына дүние жүзінің көптеген елдерінен ғалымдар келді. Салтанатты мәжіліске Қытайдан, Франциядан, Югославиядан, Швейцариядан, Чехословакиядан, Румыниядан, Польшадан, Жапониядан, Пакистаннан, Болгариядан, Германия Демократиялық Республикасынан, Бельгиядан, Венгриядан, Кореядан, Вьетнамнан және басқа елдерден келген Мичуриннің ізба-

сарлары қатысып отыр. Салтанатты мәжілісті ССРО Ғылым академиясының президенті академик А. Н. Несмеянов ашты. Ол былай деді:

Бүгін біз Отанымыздың және жаратылысты зерттеп сынаушы бүкіл дүние жүзінің тамаша ғалымдарының бірі — Иван Владимирович Мичуриннің туғанына жүз жыл толуын мерекелеп отырмыз.

Академик Несмеянов И. В. Мичурин қайтыс болғаннан кейінгі өткен жылдардың ішінде совет биологтері, ауыл шаруашылығының мамандары мичуриндік ілімді творчестволықпен дамыта отырып, өздерінің жұмысында елеулі табыстарға жеткендігін айтты.

И. В. Мичуриннің туғанына жүз жыл толуын, — деді қорытындысында академик Несмеянов, — ғалымдар жаратылыс тану тарихындағы елеулі күн ретінде, тіршіліктің заңдарын ашып, оларды тірі табиғатты адамзат игілігіне қайта өзгерту үшін пайдалану мақсатымен ғылыми жасампаз еңбек ету жолындағы тамаша кезең ретінде атап өтуде.

Академик Несмеянов мичуриндік салтанатқа қатысу үшін Москваға келген заңда отырған шетел ғалымдарын салтанатты мәжіліске қатысушылардың атынан құттықтады.

Зор орлеу үстінде салтанатты мәжілістің құрметті президиумына СОБП Орталық Комитетінің президиумы сайланды.

«Аса көрнекті биолог — ғалым И. В. Мичуриннің туғанына жүз жыл толды» деген тақырыпта академик Т. Д. Лысенко баяндама жасады.

(ТАСС).

Қыс жағдайында жұмыс істеуге дайын

Мамлютка станциясы темір жолшыларының коллективі қыс жағдайында жұмыс істеуге тыңғылықты әзірленуде. Станция коллективі жүк тиеудің жылдық жоспарын асыра орындады. Партияның XX съезі күрметіндегі социалистік жарыста комсомолец Поддубный, аға стрелжаны Гусев, таразышы Оснач, жүк тиеушілер Гундарев пен Омелькин жолдастар бірінші орындарға ие болуда.

М. ӘБЕНОВ.

валық тапсырманы әрдайым 280 — 300 процент орындайды.

СМЕНА САЙЫН ҮШ НОРМА

Вагон депосының дөңгелек цехында смена аяқталысымен-ақ көрсеткіш тақтарға әрбір жұмысшының күндік жұмыс көрсеткіші жазылып отырылады. Озат токарь Владимир Поздняков жолдастың есімін көрсеткіш тақтасынан арқашан кездестіруге болады. Сентябрь айында ол өндірістік тапсырманы 280 процент орындап, социалистік жарыста озып шықты. Өндірісте қол жеткен жақсы табыстары



100 жаңа скважина

ГУРЬЕВ, (ҚазТАГ). «Қазақстаннефть» бірлестігінің бұрғышылары жаңа скважиналар қазу шапшаңдығын арттырып, жаңа табыстарға жетіп келеді. Бұрғылау жұмыстарының он айлық жоспары орындалды.


Жыл басынан бері Ембінің проходчиктері жүзге жуық мұнай скважинасын пайдалануға берді. Мұның әзі жанармай өндірудің тәуліктік мөлшерін анағұрлым арттырды. Бұрғылаудың турбиналық әдісін кеңінен енгізу есебінен өткен жылғы осы уақыттағыға қарағанда, 23700 метр скважина артық қазылды. Скважина қазудың өзіндік құны кемітілді. Бұл мемлекетке 3 миллион сомға жуық қаржы үнемдеуге мүмкіндік берді.

Ембінің бұрғышылары октябрьдің ақырына дейін 11 айдың жоспарын орындап шығуға міндеттенді.

Өзара көмектесу кассалары

АҚТӨБЕ. (ҚазТАГ). Облыс колхоздарында өзара көмектесудің 200-дей кассасы бар. Олардың қаржысы жарты миллион сомға жеткен.

Шалқар ауданының «Жаңа жол», «8-март», Комсомол атындағы, «Қызылту» колхоздарында өзара көмектесу кассалары жұмысты жақсы істейді. Олар быылғы жылы Отан соғысының мүгедектеріне, қаза тапқан жауынгерлердің семьяларына, карт колхозшыларға көмектесу ретінде көптеген ақша, мал өнімдерін, 10 тонна пішен, 15 тонна отын, 50 комплект киім мен аяқкиім берді. Степной ауданының Буденный атындағы ауылшаруашылық артелінің жеті колхозшысы быйыл колхоздың өзара көмектесу кассасы сатып әперген жолдамалар бойынша курорттар мен санаторийлерде емделіп тынықты.



Қызылорда плотинасының құрылысында. Орта Азиядағы ең ірі жер суландыру құрылысы — Қызылорда плотинасының құрылысы аяқталып келеді. Құрылысшылар коллективі плотина құрылысын Ұлы Октябрьдің 38 жылдық мерекесіне дейін аяқтауды ұйғарды. Үстіміздегі жылдың бірінші тоқсанының жұмыс қорытындылары бойынша құрылысқа КЕОС-тың және ССРО Ауыл шаруашылығы министрлігінің ауыспалы Қызыл Туы берілді.

СУРЕТТЕ: плотина құрылысының жалпы көрінісі.

(ҚазТАГ-тың фотохроникасы).

Қазақстан асбесі

Қарағанды геология басқармасының геологиялық барлаушылары Орталық Қазақстанның тауларындағы асбест шығатын жерлерді барлау жұмысын аяқтады. Отқа төзімді мата, изоляциялық мұқаба, асбестік тегеуіш лента, сүзгі және басқа бұйымдар жасалатын шикізаттың пайдалы қазындысы осы уақытқа дейін тек қана Уралда және болмашы мөлшерде Солтүстік Кавказда шығарылатын.

Академик К. И. Сәтпаев Қазақстанда асбест қазындыларын ашты. Ешкіөлмес-тегі жаңа ашылған кен Совет Одағындағы аса ірі кендердің бірі болып табылады және ол жоғары сапалы асбест шикізатын береді.

Асбест республиканың тағыда бірнеше жерлерінде, оның ішінде Қарағандыға таяу жерлерінде және Бетпақдалада табылды. (ҚазТАГ).

7 мың центнер тұқым

Октябрь ауданындағы «Трудовик» колхозының колхозшылары өгін орағы аяқталысымен тұқым тазартуға қызу кірісті. Кәзір колхоз қоймаларына желесі жылдың өгісі үшін 7 мың центнерден астам тұқым құйылды. Мұның 5 мың центнері «Гордейформ—10» қатты бидай тұқымы мен «Смена» сортты жұмсақ бидай тұқымдары. Тұқымдық дән толық тазартылып, өңгіштің сапаға жеткізілді. Р. ҚАСЫМОВ.

Шығынды кемітті

ТАЛДЫҚОРҒАН. (ҚазТАГ). Талдықорғанның Киров атындағы қант заводы жаңа маусымның алғашқы күндерінен бастап-ақ өндірістік графикті мерзімінен бұрын орындап жұмыс істеуде. Кәсіпорынның коллективі өндіріс шығындарын азайтуға зор көңіл бөледі. Бригадирлер Қалдырбеков пен Тоқарев жолдастар тентес кәсіпорындарда болып қайтты. Олар осы кәсіпорындардың қызылша тілімдерінің сапасын жақсарту жөніндегі тәжірибесін қолданды. 100 грамм қызылша тілімінің ұзындығы 10 метрден 25 метрге дейін арттырылды. Жіңішке, тентегіс тілімді қантты сілтіден неғұрлым толық тазартуға, сойтіп шығынды азайтуға мүмкіндік берді.

Шығынды кеміту есебінен кәсіпорынның коллективі 50 тонна қант өндірді.

Жаңа совхоздағы комбинаттар

ТАЛДЫҚОРҒАН. (ҚазТАГ). «Пограничник» деп аталатын жаңа астық совхозында тұрмыс қажетін өтейтін комбинаттың үйі салынып бітті. Киім тігетін және етік тігетін цехтарға құрал-жабдықтар әкелініп жатыр. Қапал астық совхозында да жаңа қоныстанғандарға арнал осындай комбинат салынып жатыр.

Селолық кітапханалар жүйесі ұлғайтылуда

Быйылғы жылы Алматы облысының селолары мен ауылдарында 28 кітапхана ашылды. Нарынқол, Бақанас, Жалаңаш селоларында балалар кітапханалары жұмыс істей бастады.

Жаңа мәдени-ағарту мекемелеріне орта және жоғары білімі бар мамандар жіберілді. (ҚазТАГ).

Жуырда Булаев аудандық комсомол конференциясы болып өтті. Аудан комсомол комитетінің бір жыл уақыт ішінде істеген жұмыстары туралы КЛБЖО аудандық комитетінің секретары Еременко жолдас есепті баяндама жасады. Баяндамашы және жарыссөзге шығып сөйлеуші жолдастар аудан комсомол өміріндегі жетістіктермен қатар орын алып келген кемшіліктерге де тоқталды.

Ауданда ауылшаруашылық жұмыстармен айналысатын бірқатар совхоздар бар. Ол совхоздарда жүздеген комсомолдар, мыңдаған одақта жөк жастар жұмыс істейді. Конференция делегаттары баяндамада осы жас жұмысшылар жайы аз айтылғандығын, ал аудандық комитет мү-

шелері жыл бойына жас жұмысшылар арасында болмайтындығын немесе оқатекте жол-жәнекей соғып өте шығатындығын атап айтты. Бұл жөнінде нақтылы мысалдар келтірді. Делегаттар баяндамашының жаңа совхоздардағы комсомол ұйымдарының жұмысына жалпылама ғана тоқтап кеткендігін, ол совхоздардағы комсомол ұйымдарының жұмыстарын ашып көрсете алмағандығын сынады.

—Біздің ұйымда, — деді Маленков атындағы совхоздың комсомол ұйымының секретары Разеньков жолдас, — алты комсомол-жастар трактор бригадасы ұйымдастырылған еді. Олар жыл бойы тамаша еңбек етті. Күнделікті жұмыстан кейін де олар құрылысқа үлкен көмек көрсетті.

Сондықтан ол совхоздағы 60 комсомолға құрмет грамотасымен наградалды. Бұл комсомол-жастар трактор бригадасы аудан көлемінде егін салуды да, астық жыйнауды да бірінші болып орындады. Бұл жетістіктермен қатар комсомол ұйымында кемшіліктерге де жол берілді. Біздің кемшілігімізді аудандық комитет басшылары кезінде көрсетіп, көмектесіп отырмады.

Конференцияға қатысушылар аудан комсомол ұйымының жұмысын оған әрі жақсартуға бағытталған қаулы қабылдады. Аудандық комитеттің жаңа құрамын және облыстық комсомол конференциясына делегаттар сайлады.

(Өз тілшімізден).

СОВЕТ ҚҰРЫЛЫСЫ

СОВЕТТЕРДІҢ ТҰРАҚТЫ КОМИССИЯЛАРЫ

Жергілікті Советтердің алдында СОКП Орталық Комитеті Пленумдарының қаулыларын басшылыққа ала отырып, партия мен үкімет алға қойған саяси-шаруашылық міндеттерді жүзеге асыру, еңбекшілер бұқарасын мұндай игі іске кеңінен қатыстыру арқылы социалистік экономиканы оған әрі дамыту, ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету сияқты міндеттер тұр. Бұл міндеттерді орындау күресіне бұқараны жұмылдыруда, олардың арасындағы ұйымдастыру-бұқаралық жұмысты жақсартуда жергілікті Советтердің тұрақты комиссиялары үлкен роль атқарады.

Еңбекшілер бұқарасы жергілікті Советтер мен олардың тұрақты комиссиялары арқылы мемлекет басқару ісіне қатысып отырады. Советтер бұқаралық ұйым болса, тұрақты комиссиялар Советтердің бұқаралық органы болып табылады. Олар Советтердің еңбекшілермен байланысын күшейтті, олардың инициативасын үнемі қолдап отырды.

Жергілікті Советтердің сайлауынан кейінгі сессияда тұрақты комиссиялар сайланды. Содан бергі уақыт ішінде тұрақты комиссиялар өздерінің жұмысын едәуір жақсартты. Советтерге, олардың атқару комитеттеріне көмек көрсетіп келеді. Бірқатар жергілікті Советтердің тұрақты комиссиялары партия мен үкімет қаулыларының, сондай-ақ, жергілікті Советтердің сессияларының және атқом мәжілістерінің қаулыларының орындалуын тексеріп, оларды жүзеге асыруда кездескен кемшіліктерді кезінде ашып отырды. Шаруашылық жұмыстарының түрлі участоктері жөнінде бағалы инициативалар көтеріп, олардың сессияда талқылануын қамтамасыз етті.

Мәселен, облыстық Советтің финансы-бюджет комиссиясы (председателі Мака-

ров жолдас) шаруашылық, финансы, сауда және кәсіпорындардың жұмыстарын тексеріп, ондағы орын алған бірқатар кемшіліктердің бетін ашты. Тексеріс кезінде облыстық ауыл шаруашылығы мен совхоздар басқармаларының СОКП Орталық Комитеті Пленумдарының қаулылары негізінде өздерінің жұмыстарын қайта құра алмай отырғаны анықталды. МТС-тер мен совхоздардың механизатор кадрларымен, отандық қуатты техникамен толық қамтамасыз етілуіне қарамастан олар жұмысты әлі де қанағаттанғысыз істейді.

Комиссия совхоздар басқармасының совхоздарға атүсті басшылық жасайтын, шаруашылықтардағы ішкі резервтерді ашып, оны өндіріске пайдаланбайтын, совхоз кадрларын, олардың жұмысын жете білмейтінін атап көрсетті. Осы себепті облыстың кейбір совхоздары рентабельді шаруашылықтың қатарына қосылмай, мемлекетке біраз зыян келтіруде.

Тұрақты комиссия тұтыну кооперациялары басшыларының товар айналымының жоспарын жаппай орындаумен ғана қанағаттанып, жергілікті жерлерге көпшілік тұтынатын товарларды жөнінде жеткізіп отырмағанын анықтады. Бұл мәселе облыстық Советтің сессиясында талқыланып, оларды жоюдың нақтылы шаралары белгіленді.

Тұрақты комиссиялар өздерінің жұмысына депутаттармен бірге активтерді де қатыстырып отыра, мұның өзі істері бастыруға көп пайда келтіреді. Қалалық Советтің бюджет-финансы комиссиясы (председателі Зерневич жолдас) міне, осылай істеп, мәселелер мен кәсіпорындардың жұмысын тексергенде оған активтерді де қатыстырып отырады. Комиссия қалалық су проводының жұмысын тексе-

рін, оның өндірістік мүмкіндігі жоспарға көрсетілгеннен анағұрлым артық өндірісін анықтады. Мұндағы ішкі мүмкіншіліктерді өндіріске кеңінен пайдаланғанда су проводына қалалық бюджетке түсегін қаржы 120,6 мың сомға жететінін көрсетті. Қалалық Советтің сессиясы бюджет-финансы комиссиясының инициативасы бойынша су проводына қалалық бюджетке түсетін қаржыны осы сомаға дейін көбейту жөнінде қаулы алды.

Көп жағдайда комиссия жұмысының қай дәрежеде болуы оның мүшелерінің жұмысына байланысты. Комиссияның әрбір мүшесі өзінің жұмысына асқан жауаптылықпен қарап, өзіне жүктелген тапсырманы мінсіз орындап отырса, комиссия жұмысы да жақсара түседі. Мысалға Преснов ауданының Благовещенск селолық Советін алайық. Селолық Совет атқомінің председателі Степаненко жолдас күнделікті жұмыста тұрақты комиссияларға және активтерге сүйеніп, олардың бағалы бастамаларын үнемі қолдап отырады. Тұрақты комиссиялардың председателдері мен мүшелеріне жұмысты қалай ұйымдастыру, істі қалай шешу жөнінде кеңестер береді.

Селолық Советтің комиссиялары колхоз өндірісіне белсене араласып, жұмыс жайын тексеріп, зерттеп отырады. Бағалы ұсыныстар көтеріп, оны жүзеге асыруға атсалысады. Ауыл шаруашылығы комиссиясы (председателі Гребенюк жолдас) селолық Советтің қағуындағы Молотов атындағы колхоздың мал фермасында бақылау сауымын ұйымдастырды. Бақылау сауымының қорытындысы сессияда талқыланды. Сессияда мал фермасындағы біраз кемшіліктер өткір сынға алынып, оларды жоюға бағытталған шаралар белгіленді. Ферма қолынан іс келетін тәжірибелі адамдармен шығайтылды.

метінің ұлы Октябрь социалистік революциясының 38 жылдығына арнаған Ұрандары Грузияның фабрикалары мен заводтарында белсене талқыланды.

—Партиямыздың Орталық Комитеті, — деді Закавказьеңің Сталин атындағы металлургия зауытының болат балқытушысы Шубитидзе жолдас, — совет металлургиясын халық шаруашылығына шойынды, болатты, прокатты, түсті металдарды көп беруге шақырады. Үстіміздегі айда мен жоспардан тыс 250 тоннаға жуық жоғары сапалы болат бердім. Жұмысты бұдан да өнімді істеуге міндеттенемін.

Тбилисидің жібек-тоқыма фабрикасының коллективі бұл күндерде зор өрлеумен еңбек етуде. Мұнда СОКП Орталық Комитетінің Ұрандары қызу қолдау тапты.

мен резервтерінің бетін ашуда. Сол сияқты құрылысқа пайдаланылып келген техника күшін неғұрлым сарқа пайдаланып, технологиялық озат өдістер мен бай тәжірибелерді жашмай өндіріске енгізуге, өндіріс озаттарының бағалы ұсыныстары мен жаңалықтарын дерезесінде зерттеп отыруға бағытталған шаралар белгілеуде.

№ 2 жол-құрылыс ауданы (бастығы Савич, партия ұйымының секретары Ешимов жолдас) коллективі жаңа бесжылдық жоспардың жобасын талқылау үстінде жол құрылысын мейлінше шапшаң жүргізуге және құрылыстың өзіндік құнын арзандатуға бағытталған ұсыныстар жасауда. Мәселен, аталған жол-құрылыс ауданының коллективі Петропавл-Марьевка арасында салынып жатқан асфальтті автомобиль жолына жергілікті құрылыс ма-

Петропавл-Марьевка арасына асфальт төселген автомобиль жолын салушылар партияның XX съезі ашылу күні қарсаңындағы социалистік жарыс туын бұрынғысынан да жоғары көтеріп, жол құрылысын мейлінше шапшаң және сапалы жүргізетін болады. Сонымен бірге, коллектив алтыншы бесжылдықта істелетін жұмыстың жоспарын жасап, алынған міндеттемелердің мінсіз, сапалы атқарылуын қамтамасыз ету үшін қажырлы күрес жүргізеді.

Р. НИЛЬМАТОВ,

«Главдорстройдың» № 1 құрылыс басқармасы өндіріс-техникалық бөлімінің бастығы.

Мамлют поселкелік Советінің тұрақты комиссиялары да жұмысты жоспар бойынша істеп, поселкелік атқару комитетіне үнемі көмек көрсетіп жүр. Тұрақты комиссиялар өткен алты айдың ішінде әртүрлі мәселелер жөнінде 15 рет тексеріс жұмыстарын жүргізді. Олардың қорытындысы комиссия атқом мәжілістерінде, ал аса маңыздылары поселкелік Советтің сессияларында талқыланды.

Өнеркәсіп-сауда комиссиясының (председателі Мердок жолдас) инициативасы бойынша поселкелік Советтің үшінші сессиясында товар айналымы жоспарының орындалуы және аудан орталығындағы сауданың жайы жөнінде мәселе қаралды. Бұл мәселе жөнінде сессия Головное селолық тұтынушылар одағының председателі Андреева жолдасының баяндамасын тыңдап, талқылады. Сессияда шығыш сөйлеген депутаттар мен активтер аудан орталығы —Мамлютка поселкесінде сауда жұмысының нашарлығын, тұтынушылардың қажет товарларын магазиндерден ала алмайтындығын сынға алды. Сессия аудан орталығындағы сауда орындарының жұмысын жақсарту жөнінде қаулы қабылдады. Поселкелік Совет атқомінің председателі Мингалев, өнеркәсіп-сауда комиссиясының председателі Мердок жолдас бұл қаулының мінсіз орындалуын ұйымдастырды. Соның нәтижесінде Мамлюткадағы сауда орындарының жұмысы өткен уақыттармен салыстырғанда анағұрлым жақсара түсті.

Тұрақты комиссиялар Советтердің алдында ғана есеп береді. Ал, атқару комитеттері комиссияларға бұйрық беріп, өкімшілік жасай алмайды. Бұдан атқару комитеті мен тұрақты комиссияның арасында ешқандай байланыс, қарым-қатынас болмайды деген қорытынды шықпайды. Бұған керісінше, олар өзара қарым-қатынас жасап, бағыныштылық негізінде емес, келісу, бір-біріне көмектесу негізінде бірлесіп отырып жұмыс істеуі қажет.

Бірақ кейбір Совет атқомдері «біз тұ-

рақты комиссияларға бұйрық беріп, өкімшілік жасай алмаймыз», — деген желеуді белке ұстап, олардан өздерін аулақтата түседі. Тұрақты комиссиялармен ынтымақтаса, бірлесіп отырып жұмыс істемейді. Мұндай жағдай Совет аудандық атқоміне тән. Мұнда атқом мен тұрақты комиссиялардың байланысы нашар. Осы себепті олар белгілі мәселе жөнінде бірлесіп жұмыс істемей жүр.

Аудандық Советтің ауылшаруашылық комиссиясының (председателі Бондаренко жолдас) еңбекшілермен байланыс жоқтың қасы. Комиссияның күнделікті жұмыста сүйеніп отыратын активі де жоқ. Құрамында 5 адамы бар бұл комиссия алғашқы ұйымдастыру сессиясында өздерін бекіткенмен бар істі тындырған сияқты. Комиссияда жоспар да жоқ. Комиссия ауданның колхоз, совхоздарының және МТС-терінің жұмысын тексеріп, сессияның күн тәртібіне актуалды мәселелерді ұсынып отырмады. Тіпті комиссия мәжілістері сирек өтті.

Міне, осының салдарынан ауданның шаруашылық және мәдени құрылыс жұмыстарында көптеген кемшіліктер бар. Тіпті, көп жағдайда, аудандық Совет атқомі қарарларының өзі орындалмайды. Егер атқом мен тұрақты комиссиялардың арасында тығыз байланыс болса, тұрақты комиссиялар шаруашылық орындардың жұмысын тексеріп, оның қорытындысын сессияда талқылауға ұсына, мұндай кемшіліктер көзіртпей етек алмаған болар еді.

Ленин аудандық Советінің жол құрылысы және селоны көркейту жөніндегі комиссиясының да (председателі Жамантықов жолдас) жұмысы қанағаттанғысыз. Комиссия айлық жұмыс жоспарын жасай алмайды, комиссия мәжілістерін өткізіп отырмайды. Явленка селосының сайлаушылары селоны электрлендіру жөнінде өз депутаттарына аманаттар тапсырған еді. Бұл аманаттарды орындаудың селоны көркейту комиссиясына тікелей қатысы бар. Соған қарамастан, комиссия сайлау-

шылар аманаттарын орындау жөнінде мәрдымды ештеңе істепен жоқ. Сайлаушылардың селоны электрлендіру жөніндегі аманаттары аудандық Совет атқомі (председателі Кабдунасов жолдас) мен тұрақты комиссия тарапынан қолдау таппай, аяқсыз қалу қаупі бар. Осы аудандағы Қарағаш, Яснов ауылдық-селолық Советтерінің (атқом председателдері Әубәкіров, Титов жолдас) тұрақты комиссиялары да жұмысты формальді түрде істейді. Ауылдық-селолық Совет атқомдері мен тұрақты комиссиялардың арасында байланыс жоқтың қасы. Аталған ауылдық-селолық Совет атқомдері құрылысқа бөлінген қаржыны да дұрыстап жұмсай алмай отыр. Ал аудандық Совет атқоміне бұл жағдай белгілі бола тұрса да, ол атқом мен тұрақты комиссиялардың байланысын жақсартуға, ынтымақтаса жұмыс істеуге ұмтылып, өз тарапынан ауылдық-селолық атқомдеріне қозғау сала алмай отыр.

Ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету, мал шаруашылығы өнімдерін арттыру сияқты партия белгілен берген шаралар тұрақты комиссиялардың алдына жаңа міндеттер қояды. Олар жұмысқа белсене араласып, колхоз, совхоздардың қысқы мал қыстату маусымына үлгілі әзірленуіне, МТС пен колхоздың арасындағы шарттың орындалуына, колхозшылар мен жұмысшыларды материалдық жағынан ынталандыру принципін дұрыс қолдануға үнемі атсалысып отыруы қажет. Атқом мен тұрақты комиссиялар ынтымақтаса, бірлесіп жұмыс істеп, депутаттар мен активтерді шаруашылықтың түрлі салаларына дұрыс бөліп, жүрделі шаруашылық міндеттерді орындауға еңбекшілерді кеңінен жұмылдырғанда ғана бұл міндеттерді қалтқысыз орындауға болатынын жергілікті Совет атқомдері мен тұрақты комиссиялар естен шығармауға тиіс.

Т. ШОРТАНОВ,
Ж. ҚҰРМАНҒАЛИЕВ,
Облыстық Совет атқомінің қызметкерлері.

РЕДАКЦИЯҒА ХАТ

Горовтың қолы тиер емес...

Мен жазғы демалыста «Бостандық» колхозына (Пришим ауданы) барып, Ленин атындағы МТС-тің № 5 трактор бригадасында жеңілдімді шөп машинасының машинисі болып жұмыс істедім. Сөйтін, біраз уақыт ішінде 40 еңбеккүн таптым. Еңбегіміз үшін МТС-тің ақы төлейтін күні де келді. Бірге істеп, бір мөлшерде еңбеккүн тапқан жолдастарым 122 сомнан, ал мен... 22 сом 30 тыйын ақша алдым.

—Бұл қалай? — деген сұраққа бригаданың есепшісі Сөксембаев:

—Еңбеккүннің басқалармен бірдей, қалып қойғаны жоқ. Ал ақша жағын МТС бухгалтері Горовтан сұра,- дегенді айтты.

Горовтан жөн сұрап, жауап алу оңай емес екен. Алғашқы кіргенімнің өзінде-ақ «қолым бос емес, төсе тұр»,— деп қайғырып тастады. Бірер сағат тосып, тағы рұқсат сұрадым. Тағы да:

—Көрмейсің бе, қол тимейді, — дегенді естідім.

Амал жоқ, тағы тостым. Бухгалтер Горовтың қолы тиіп, арызымды тыңдағанынша екі-үш сағат уақыт өтті. Егер мұның өзі нәтижелі болса ештеңе етпес еді, бірақ Горовтың маған ешбір көмек көрсетпесі келмейтінін аңғардым.

Толып жатқан қағазды ақтарып фамилиямды өрең ташқан Горов өз көзіне өзі сенбегендей, тек таңдана берді. Өйткені, менің фамилиямның тұсында 40 еңбеккүн жазулы тұр еді.

—Жарайды, 25 сентябрьде желін ақшаңды аларсың,— деді Горов аздан соң.

Сентябрь ғана емес, октябрь де өтті. Июль айының еңбек ақы ведомесіндегі менің фамилиям тұсында Горов қойған сұрақ белгісі өзі тұр. Тегінде оны анықтауға Горовтың қолы тимей жүрсе керек.

К. САНДЫБАЕВ,

Педагогикалық училищенің студенті.

ОРИНДЫ ТІЛЕК

Бұл күндері «Бірлік» ауылшаруашылық артелінің (Ленин ауданы) мүшелері баспасөзге көптеп жазылууда. Олардың барлығының да газет-журналдар оқып, күнделікті жаңалықтармен үзбей танысып отырысы келеді. Бірақ соңғы жылдары олардың бұл тілегі дұрыс орындалмай келеді. Өйткені колхоз басшылары колхозшылардың газет-журналдары мен хат-хабарларын жеткізіп беруді ойдағыдай ұйымдастырмай отыр. Ал Петропка дочка бөлімшесіне келіп түскен газеттер кім-көрінін геннің қолында кетеді.

Колхоз басшылары газет-журнал тасуды жолға қоюға тиіс.

Е. ИСАЕВ.

Біз сүт өндіруді қалай арттырып келеміз

Преснов ауданындағы «Красный партизан» колхозының ферма меңгерушісі П. БРЫКАНОВ жолдаспен әңгіме

Әрбір сыйырға 5 тоннадан келеді. Рас, бийыл жүгерінің сабағын бір бөлек, собығын бір бөлек жыйнап сүрлеуді ұйымдастыра алмадық. Келесі жылы жүгерінің сабағын собығынан бір бөлек жыйнап сүрлеуді және консервілеуді міндетті түрде ұйымдастыратын боламыз.

Қысқы мал азығы үшін 15 мың центнер бидайық, судан шөбі және беде, мыңдаған центнер табиғи пішен дайындалды. Барлық жемшөп мал қыстайтын орындарға тасылып, кіріске алынды. Қыста малға бұлардан басқа сабан-топан да беретін боламыз. Ірі сабақты азықтарды алдын-ала өңдеуге — ұнтап, буландырып, нәрлендіруге қажетті машиналарымыз бар.

Мұнымен бірге жүздеген центнер тамыр жемісті азықтар өсіредік. Азықтың бұл түрінің едәуір бөлегі — турнепс. Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі «Республиканың колхоздары мен совхоздарында 1955 — 1956 жылдардың күзгі-қысқы маусымында сүт өндіруді арттыру шаралары туралы» қаулысында қысқы маусымда сүт өндіруді ұлғайту үшін сыйырларды күзгі мерзімде жайылымда бағумен бірге, оларға құнарлы жемшөп беруді ұсынды. Осы нұсқауды басшылыққа ала отырып, біз көзір әрбір сыйырға күн сайын 20-25 килограмм турнепс береміз. Фермада сауын сыйырларға бүкіл сауын кезінде құнарлы азық беру тәртібін енгіздік. Сыйырларға құнарлы азық сауылатын сүт мөлшеріне қарай беріледі. Осы арқылы біз әрбір сыйырдың бұзаулағаннан кейін 10 ай бойы сауылуына жетісетін боламыз.

Бізге малды жайылымда дұрыс бағуға баса назар аударылады. Табиғи жайылымдықтарды жақсарту үшін біз оған қосымша бидайық тұқымын септік. Мұның өзі жайылымдықтардың шөбі шүйгін болуына қолайлы жағдай тұрғызыды. Алдыңғы қатарлы мал өсірушілердің тәжірибесі бойынша бийыл біз жайылымдықтарды өріске бөліп пайдалану әдісін енгіздік. Малды осы әдіспен жайып-бағуды тәжірибелі бақташыларымыз Е. Суров, П. Шефер жолдастар шебер ұйымдастырды.

Өткен жаз фермада көкшөп консервірін ұйымдастыру едәуір жақсарды. Біз ферма жанындағы участоктерге өрмегілді өкпе шөптер, басқа да дақылдар ектік. Жаздың алғашқы айларында малға қара

бидай көкшөсін, содан кейін беде, судан, сыйыр-жоңышқа, жүгері, құнбағыс көкшелері берілді. Сөйтін бүкіл жаз бойына сыйырлар құнарлы азықпен тойына азық тандырылды. Орта есеппен алғанда сауын сыйырларға күн сайын 0,5 центнер көкшөп берілді. Бұл сүт өндіруді арттыра беруімізді қамтамасыз еткен басты жағдайлардың бірі болып отыр.

Сүт өндіруді арттыру көп жағдайларда мал өсіруші кадрларға, әсіресе сауыншыларға байланысты. А. Лагуткина, Р. Шаропаева жолдастар фермада бірнеше жылдан бері сауыншы болып істейді. Олар жылы сайын зоотехникалық курста оқып, сыйырларды күту, бағу, азықтандыру жөніндегі озат әдістерді үйреніп, өздерінің тәжірибелерін байыта түсіп келеді.

Қыста сыйырлар стандартты қораларда күтеледі. Алдағы қыста әрбір сыйырға берілетін тәуліктік азық рационның шамамен айтқанда, 20 килограмм жүгері мен құнбағыс сүрлемі, 14 килограмм бидайық пен беде шөбі, 8 килограмм мал азығындық қызылша болады. Бұлардан басқа алдын-ала өңделген ірі сабақты және минералды азықтар беріледі. Сыйырлар қорала қолдан суарылатын болады, міне мұның барлығы қысқы маусымда сыйырдың сүттілігін жаздағыдан кемітпеуімізге қолайлы жағдай жасайтындығы сөзсіз.

Сүт өндіруді арттыруда сыйырларды суалту, бұзаулауға әзірлеу жұмыстарын дұрыс ұйымдастыру үлкен роль атқарады. Мұны біздің ферманың коллективі өз тәжірибелерінен айқын көріп те отыр. Бізде әрбір сыйыр бұзаулаудан екі ай бұрын суалтылады. Бұзаулау алдында және бұзаулағаннан кейін ерекше күтімге алынады. Мал өсірушілер мен сауыншылар өздерінің бұл жөніндегі шеберліктері ғылым табыстары, озаттар тәжірибесі арқылы барған сайын байыта беруге ынталы.

Айта кетерлік бір мәселе, сауыншыларымыздың сыйырды саууға озат әдістерді мейлінше шеберлікпен қолдануы. Бізде сыйырларды сауар алдында желінді масажадқа әдетке айналдып отыр.

Көзір ферма коллективі партиямыздың XX съезі және Ұлы Октябрь социалистік революциясының 38 жылдығы құрметіндегі социалистік жарысты кеңінен өрістетіп, бұл қуанышты және мерекелі күндерге өндірістік тартулар әзірлеуде. Бұл жарыста еңбекте айтарлықтай табыстарға ие болып отырған мал өсірушілер көптеп саналады.

Жазып алған И. ДЗНОНОВ.

Жас сауыншылар шабысы

Лидия Поголова малын болуды жас күнінен өксейтін. 7 класты бітіргеннен

Облысымызда Газет оқушыларымыз бен тілшілерімізден түскен хабарлар



Қаладағы Молотов атындағы № 4 орта мектептің оқушылары Париж Коммунасы атындағы балалар бақшасын қамқорлыққа алған-ды. Көзір олар балалар бақшасының үй іргесін көгалдандыру мақсатымен ағаш отырғызуға кірісті. Мұнда барлығы 70 түп ағаш отырғызылады. Оқушылар өз тұқымдарымен 300 шаршыметр жерге әртүрлі гүлдер және ояңы егуді ұйғарып отыр. СУРЕТТЕ: 8 «В» және «Д» кластарының оқушылары оқытушы О. Бурцеваның басшылығымен балалар бақшасының қорасына ағаш отырғызып жүр. Суретті түсірген И. Пасечный.

ТОКАРЬЛЫҚТЫ МЕНГЕРДІ

Елефтина Ралдугина орта мектепті бітірген соң өндірістік мамандық алуды ұйғарып, Петропавлдағы шойын құю-таразы зауытына келді. Мұнда ол механикалық цехта токардың үйренушісі болып орналасты.

Содан бері шебары бір жылдай уақыт өтті. Бұл уақыттың ішінде ынталы қыз өзі сүйген мамандықты жақсы меңгерді. Елефтина Ралдугина көзір төртінші разрядтағы тоқсар. Бұл күндері жасөспірімдерінде өріс алған Октябрьдің 38 жылдығы және СОБП XX съезі құрметіндегі социалистік жарысқа ұштасқан комсомолка Ралдугина еменалық норманы 130-150 процентпен орындап жүр.

Х. РАХМЕТОВ.

КОЛЛЕКТИВ СЕРТІ

Преснов аудандық өндіріс комбинатының коллективі 9 айдың ішінде жылдық жоспардың 83,4 процентін орындады. СОБП XX съезі құрметіндегі социалистік жарысқа ұштаса отырып, комбинаттың жұмысшылары мен қызметшілері жалпы өнім бойынша жылдық жоспарды үстіміздегі жылдың 1 декабріне дейін орындауды ұйғарды. Көзір олар алған міндеттемелерін аброймен орындау жолында қажырлы еңбек етуде. Піма басушы Е. Краснов, ағаш шеберлері М. Горбань, А. Шарандин жолдастар жылдық тапсырманы 100—110 процентпен орындап, қажырлы еңбектің тамаша үлгісін көрсетуде.

М. ҚАСЫМОВ.

Съезд қарсаңында

Микоян атындағы ет-консерві комбинаты клубының коллективі съезд қарсаңында комбинат жұмысшыларының мәдениетті қамтуды оған сайын жақсарту түсуде. Еңбекшілерге кино көрсету жөніндегі өткен айлардың жоспары 150 процент орындалды. Жоспардан тыс 10 мың адамға кино көрсетілді. Коллектив бұл табысқа жаңа фильмдерді жұртшылық арасында кеңінен тұл

латын фильмнің мазмұнын түсіндіреді, сөйтін оларға алдын-ала билет сағатады. 26 жыл үзбей киномеханик болып істеп келе жатқан Павел Ляльков сенатарды жоғары сапада өткізу жолына көп күш жұмсап келеді. Клуб коллективі жұмысшылардың тілек-таланттарына да үнемі құлақ асып, олардың қалаған фильмдерін көрсетуге атсалдырып жүр. Көзір олар клубты қыс-

„Механизаторлардың орындары тілегі“

«Ленин туы» газетінің осы жылғы 7 сентябрьдегі номерінде жоғарыдағы тақырыпмен жарияланған сын мақала ҚРП Булаев аудандық комитетінің бюро мәжілісінде талқыланды. Бюро МТС партия ұйымының секретары Филькин мен аудандық комитеттің МТС аймағындағы нұсқаушысы Төғбаев жолдастардың механизаторлар арасындағы саяси-көпшілік жұмыстардан бойларын аулаққа салып, бұқарадан қол үзгендігін сынады және бұл кемшіліктерді жоюды талап етті.

С. ИМАҚОВ,
ҚРП Булаев аудандық комитетінің секретары.

ЖҮН ӨНДІРУДІ АРТТЫРАЙЫҚ

Қазақстан ауыл шаруашылығының өңкешілері жүн өндіруді арттыру үшін күресуде. Таңдаулы қойшылардың тәжірибесі қойдың жүн өнімділігін арттырудың резервтері зор екендігін көрсетіп отыр.

Жамбыл облысы, Мерке ауданының Сталин атындағы колхозында 40 мың қойдан жоғары сапалы 120 тонна жүн алынды. Оны мемлекетке өткізуден түскен табыс быйғы 3,2 миллион сомға жуық болды. Семей облысы, Уржар ауданының «Красные горные орлы» ауылшаруашылық артелиінде әрбір қойдан, 3,6 килограмнан биязы жүн қырқылды. Павлодар облысының «Бесқарағай» асыл тұқымды қой совхозында быйғы жылы әрбір қойдан орташа алты килограмнан жүн алынды. Осы шаруашылықтың аға шопаны Бекен Қарманов 88 қойдың әрқайсысынан өте сапалы 14,5 килограмнан жүн қырықты.

Мұндай табыстарға озаттар малды үлгілі күтіп азықтандырудың нәтижесінде жетті. Бұл жөнінде әсіресе қыс кезінде жүргізілетін жұмыстың маңызы зор. Әдетте, қой шаруашылығының шеберлері мал қыстатуға мұқият әзірленеді, жайылымдарды шебер пайдалану және жемшөпті тиімді жұмсау жолымен қыста да малдың қандылығын кемітпейді.

Қойлардың негізгі көпшілігі Қазақстанның оңтүстік-шығыс, оңтүстік және оңтүстік-батыс облыстарында өсіріледі. Быйғы мұнда жаз құрғақ болып, шөп ерте қурап жетті. Өзендердегі, көлдердегі, тіпті құдықтардағы су тартылып қалды. Жардайдың қолайсыз болғанына қарамастан, тәжірибелі шопандар баққан отарларда малдың қандылығы кеміген жоқ.

Қойларды дұрыс жайып семірту, ал қыста малдың қандылығын жеткілікті дәрежеде сақтау — табысқа жетудің негізі, дейді Оралбай Тасмағамбетов. Қажет-

Сүт өндіруді арттыруда, әсіресе «Большевик» колхозының мал өсірушілері елеулі табысқа жетті. Бұл колхоз сүт өндірудің жылдық жоспарын артығымен орындады. Сондай-ақ мемлекетке сүт тасыру жоспары мерзімінен бұрын орындалды. Сауыншы Екатерина Тумина өзіне бекітіліп берілген 13 сыйырдың әрқайсысынан быйғы жылы көрсетілген жоспардағыдан 558 литр көп сауыды. Сол сияқты өздеріне бекітіліп берілген сыйырлардың әрқайсысынан сауыншы-комсомолка Вера Парахина 550 литр, Евдокия Ковалова, Мария Тарасенко 400 литр сүтті жоспардағыдан артық сауыды.

Көзір мал өсірушілер күзгі-қысқы маусымда сүт өндіруді арттыру жөніндегі Қа-

лiгiн арттыру шараларын қолдануда. Мал өсірушілер сүт өндіруді арттыру жөніндегі мүмкіншіліктеріне сүйене отырып алдағы мал шаруашылығы жылында әрбір сыйырдан алынатын сүттің мөлшерін кемінде 2000 литрге жеткізуге міндеттеніп отыр.

Күзгі-қысқы маусымда сүт өндіруді арттыра беру күресін Буденный атындағы, Каганович атындағы колхоздардың мал өсірушілері де ұйымшылдықпен жүргізуде. Олар сауын малдарын күзде жайылымда бағуды, оларға қосымша құнарлы азық беруді едәуір жақсартты. Сөйтіп сыйырлардың сүтті мол беруіне жетісуде.

В. КАЗАНЦЕВ.

тан бесқарағайлық шопандар қыстың бас кезінде қойларды жайып бағады, мұны қар қалың түсіп мал жайып алмайтын жағдайға жеткенде ғана тоқтатады.

Жаю тоқтатылғаннан кейінгі алғашқы күндерде қойлар пішенді оша сүйсінбестен жейді. Өйткені шөп пішеннен тіпті қыста да дәмді болады. Сондықтан қолда күтудің алғашқы аптасында малдың қандылығын кемітіп алмау үшін оған ең жақсы пішен беріледі.

Толді азықтандыру бірсыпыра өзгеше ұйымдастырылады. Бір жасқа толғанға дейінгі қозылардың өсуі үшін жағымды заттардың, әсіресе белокті заттардың көп болуы қажет. Сондықтан Бесқарағай совхозында қыстың бастапқы кезінде төлге жақсы пішен беріледі, онда көптеген мөлшерде бұршақты шөптер болады. Мүмкіндік болса, қозыларға сүрлем және концентрат жемшөп беріледі. Өсуіне қарай олардың азық мөлшеріне сапасы орташа пішен де қосылады. Мұның өзі бір жағынан азықты түрлендірсе, екінші жағынан берілетін жемшөптің жалпы мөлшерін көбейтеді, азық сіңіретін органдардың жақсы жетіліп, организмнің нығайуына көмектеседі. Осылайша азықтандыру тәртібі қолданылғанда төл жақсы өседі де көктемге дейін ересек қойлармен бірдей жай жемшөптен азықтана алады.

Ересек қойлардың жағдайы басқаша. Қыстың алғашқы жартысында оларды азықтандырудың басты міндеті — қандылығын жойдырмау. Бұл кезде саулықтар жемшөпті оша көп қажет етпейді, өйткені олардың ішіндегі қозы әлі кішкентай болады да олардың өсуіне қосымша қорек заттары мүлде дерлік қажет емес. Сондықтан қолдан жемшөп беріп күтуге үйреткеннен кейін саулықтарды бірте-бірте жай сортты пішен жеуге көшіреді. Осы кезде оған берілетін азық мөлшерінің тең жарымдайы сулығын, арпаның және басқа дақылдың жақсы сабаны бола алады. Суық күндерде шопандар азықтың жалпы құрамына сапасы төмен пішен немесе

колхозының товарлы-сүт фермасында бұзау күтуші болып істей бастады. Төл күту ісін үйренумен бірге ылғалы қыз ферманың Валентина Саотина сияқты тәжірибелі сауыншыларының әдістеріне көз салды.

Үстіміздегі жылдың басында Лидия Пологова сауыншылыққа ауысты. Қарамағына берілген сыйырларды дұрыс бағып-күтудің нәтижесінде ол алғашқы табысқа жетті. 9 айда әр сауын сыйырдан жоспар бойынша 1500 литр орнына, 1600 литрден сүт сауыды. Сол сияқты жас сауыншылар Александра Серечкова мен Антонина Овчинникова да сүт сауудың жоспарын асыра орындады.

Х. ҚАЖЕНОВ,
Ленин ауданы.

сабан қосып береді. Суықта мал қандай да болса пішен мен сабаңды қалдырмастан жейді.

Төл алу науқаны жақындай түсуімен байланысты саулықтарға берілетін пішеннің сапасы да жақсартылуға тиіс. Төл алу басталардан 1,5-2 ай бұрын саулықтар жақсы азықтандыруға көшіріледі.

Малшылар қыста отардағы қойлардың жағдайын мұқият қадағалап отырады. Шопандар арықтаған малды жеке топқа бөледі, оларды азықтандыруды жақсартып бастайды, қандылығын қалпына келтіруді көздейді.

Малды күтудің қандай әдісі тиімдірек? Қой, әсіресе меринос тұқымды қой ең алдымен жүн алу үшін өсіріледі. Демек, оның жүнді көп беруі үшін оған жағдай тұрғызу керек. Қойларды тойындыра азықтандырып, суық ауада ұстау — олардың өнімділігін арттырудың қажетті шарты.

Жемшөп қорларын жасаудың және пайдаланудың түрлі жолдары бар. Мәселен, Солтүстік Қазақстан облысының колхоздары қойларды азықтандыру үшін жаздық дақылдардың сабанын және сүрлемді, әсіресе жүгері сүрлемін кеңінен пайдаланады. Мал шаруашылығы институтының азықтандыру лабораториясының Конохов ауданындағы «Красная крепость» колхозында жүргізілген зерттеулері бұлаңғып, көбікпен араластырылған сабаңды қойлардың өте жақсы жетінін көрсетті, ал оған сүрлем араластырылса ол малға берілетін азық мөлшеріндегі пішен орнына толық дерлік пайдаланыла алады.

Жемшөп қорларын тиімді пайдалану, өндіріс процестерін дұрыс ұйымдастыру, қой шаруашылығын жүргізудің мәдениетін көтеру Қазақстанның табиғат аймақтарының қандайында болса да қыстауға кіріскен қойлардың ешқандай шығынға ұшырамауын қамтамасыз етеді және жүн өндіруді арттыру үшін алғы шарттар жақсартады.

А. ЕЛЕМАНОВ,
Биология ғылымының кандидаты.

рі Райса Ожиганова күні бұрын комбинат цехтарын аралап жұмысшыларға бо-

лыстармен қарсы алу үшін күресуде.

М. АХМЕТОВ.

Екі мамандықтың иесі

Комсомолец Василий Воронин тың игеруге Кубаньнан біздің облысымызға комсомолдық жолдамамен, алғашқы патриоттардың бірі болып Хрущев совхозына келген болатын. Жас та болса, тәжірибесі мол тракторшы содан бері социалистік жарыстың алдыңғы сапында болды. Василий Воронин өткен жылғы БЛКЖО Орталық Комитетінің «Жаңа жерлерді игергені үшін» медальмен және Октябрь аудандық комсомол комитетінің мақтау грамотасымен наградталды.

Быйыл совхозда егін орағы басталып, комбайншылар жетісепей жатқанда бір комбайнды жүргізуге Ворониннің өзі тілек білдірді. Ол бұл екінші мамандықты да ойлағандай меңгерген. «Сталинец-6» комбайнымен 20 жұмыс күнінде 600 гектар жердің егінін жыйнады.

Қол жеткен табыстары үшін комсомолец Василий Воронин облыстық ауылшаруашылығы әкмесіне қатысты.

А. ХАМИТОВ.

Газет-журналға тегіс жазылды

Совет ауданының Киров атындағы колхозының колхозшылары 1956 жылдың газет-журналдарына ұйымшылдықпен жазылуда. Колхозшылар А. Верховский, Р. Магда, У. Сейтов және басқалары облыстық газеттерден басқа республи-

калық, орталық газеттерге және бірнеше журналдарға жазылды. Колхозда газет-журналдар тарату лимиті артығымен орындалды.

Қ. ЖҰМАШКИН,
Қ. ЗІКІРИН.

Колхозшылардың мол табысы

Ленин ауданының көптеген колхоздарында колхозшылардың еңбекқандылығына аванс беріле бастады. «Красный сибиряк» ауылшаруашылық артели колхозшылардың әрбір еңбекқанды екі килограмнан, ал «Тропинка Ильича» колхозында бір-жарым килограмнан астық берілді.

«Красный сибиряк» колхозының мүшесі Зуеваның семьясы еңбекқандылығына аванс беріле бастады. «Красный сибиряк» ауылшаруашылық артели колхозшылардың әрбір еңбекқанды екі килограмнан, ал «Тропинка Ильича» колхозында бір-жарым килограмнан астық берілді.

Б. ДӘУЛЕТОВ.

ӨЗ ІСІНІҢ ШЕБЕРІ

Владимир Александрович Лисовик трактор бригадалына алғаш келгенде жап-жас бала болатын. Ол кезде бригаданы Иван Лаврентьевич Рябко басқаратын. Тәжірибелі механизатор, Лисовик сияқты талай жастарды тракторшы өнеріне үйретіп шығарған. Ол Лисовикті де үнемі тәрбиелеп, шебер маман болуына көмектесті. Рябко Ұлы Отан соғысына аттанған кезде Лисовик «ЧТЗ» тракторын жүргізуді меңгеріп те қалған еді. Содан бері 20 жылға жуық уақыт өтті.

Көзір Владимир Александрович сол алғашқы бригаданың жұмыс істейді. Бригада құрамы ол кезден көп өзгерген. Бригадир Рябко 1942 жылы Сталинград түбіндегі ұрыста ерлік өліммен қаза тапты. Бірақ Лисовик өзінің бұрынғы тәрбиеші жолдастарының барлық жақсы қасиеттерін, даңқты дәстүрлерін өз бойына жыйнаған. Механизатор

бұрынғы ұстаздарының жұмыс тәжірибелерін, олардың бригадалық ынтымақты, өзара жолдас-тық көмекті жоғары бағалағандығын жастарға үнемі өңгіме етіп отырады.

Лисовиктің алдына қойған негізгі мақсаты — еңбек өнімділігін барынша арттыру болды. Ол уақыт үнемдеудің, тракторларды техникалық күтудің дұрыс ұйымдастырылуының қандылығын маңызы бар екендігін көп жылғы тәжірибеден жақсы біледі.

Сондықтан да ол өз жұмысын творчестволық іздену үстінде ұйымдастырып отырады. Мәселен, өткен жазда ол смена ауыстырар алдында барлық тракторларды бірден тоқтатпай, әрбір тракторды 15-30 минут кезектестіріп, тоқтатуды ұсынды. Мұның өзі көп пайда берді. Жанармай тасушы Сергей Батурин тракторларға жанармайды кезек тасып, олардың күтіп тұрмауын қамтамасыз ет-

ті. Есептей келгенде Лисовиктің ұсынысы күн сайын 4-6 сағат уақыт үнемдеуге болатындығын көрсетті.

Владимир Александрович агрегат мүшелерінің барлығының да жақсы жұмыс істеуін талап етеді. Ол тіркеушілерге жұмыстардың ерекшелігіне қарай өзінің кеңестерін береді. Соның нәтижесінде ол зяб жырту кезінде смена сайын 10-12 гектар жер жырттып отырды.

Озат механизатор өзінің жұмыс әдісін жолдастарына да үйретіп отырады. А. Герг, В. Сбитый сияқты тракторшылар одан үнемі үлгі алып, әрбір жұмыс жөнінде кеңесіп отырады. Өндірістік кеңестерде, қабырға газеттері мен «Науынгерлік листоктарда» таңдаулы тракторшының аса пайдалы кеңестерін көптеп кездестіруге болады.

В. ЛИЗУН,
Совет ауданы,
Каганович атындағы колхоз.

В. М. Молотовтың Женеваға келуі

ЖЕНЕВА, 26 октябрь. (ТАСС). ССРО Министрлер Советі Председателінің Бірінші Орынбасары және ССРО Сыртқы Істер Министрі В. М. Молотов, сол сияқты совет делегациясының мүшелері А. А. Громыко, Совет Одағының Маршалы В. Д. Соколовский, С. А. Виноградов, Г. М. Пушкин, делегацияның кеңесшілері төрт держава сыртқы істер министрлерінің Кеңесіне қатысу үшін бүгін Женеваға келді.

Женеваның Куантрэн аэродромында В. М. Молотовты және совет делегациясының мүшелерін мыналар шығып қарсы алды: Швейцария Федеральдық үкіметінің өкілі — Швейцария саяси департаментінің протокол бөлімінің бастығы А. Доминиче, Женева кантоны үкіметінің басшысы Ф. Перрар, Женева қаласының мэрі Л. Бийи және БҰҰ-ның Европалық бөлімінің директоры А. Пельг.

Белгилерді төрт держава сыртқы істер министрлері Кеңесінің бас секретары

В. Я. Ерофеев, ССРО-ның Швейцариядағы кінші елшісі П. И. Ершов, ҚХР-дің Женевандағы Қытай-американ келіссөздеріндегі өкілі Ван Бин-нань, ҚХР, Чехословакия, Венгрия, Румыния, Болгария дипломатиялық миссияларының басшылары да шығып қарсы алды.

Аэродромда В. М. Молотов мынадай мәлімдеме жасады:

Ертең төрт держава сыртқы істер министрлерінің Кеңесі ашылады. Мен өзімнің әріптестеріммен — Англияның, Францияның және АҚШ-тың сыртқы істер министрлерімен Женевада тағы да кездесуіме қуаныштымын.

Бізге маңызды мәселелерді талқылауға тура келеді. Үкіметтер Басшыларының тапсыруы бойынша, біз Европа хауіпсіздігі және Германия туралы, қарусыздандыру туралы, Шығыс пен Батыстың арасындағы байланысты дамыту туралы мәселелер талқылаймыз.

Үкімет Басшыларының Женевандағы Кеңесінен кейін Женева рухы туралы жиі айтылатын болды. Бұл түсінікті де. Женеваның рухы бойынша қыймыл жасау — халықаралық шиеленісті кемітуге себепші болу, бейбітшілікті нығайтуға себепші болу деген сөз. Кеңеске қатысушылардан кімде-кім «қырғый-қабақ соғысты» тоқтатуға шын ниетімен ұмтылатын болса, мемлекеттер арасындағы қатынастарда өзара келісім орнатуға жәрдемші болуды көздейтін болсақ, соның бәрін терең толғаңдырып отырған мәселелердің келісілген шешімін табу үшін күш жұмсайды деп күтеді.

Совет делегациясы өз тарапынан Кеңесте халықтардың арманына жауап беретін ұнамды нәтижелерге жетісу үшін қолынан келгенін бәрін істейді.

Женеваның тұрғындары мен үкіметін және Швейцария үкіметін шын жүректен құттықтауға рұқсат өтіңіздер.

Бирма Одағының Премьер-Министрі У Нудың Қырымға баруы

СЕВАСТОПОЛЬ, 26 октябрь. (ТАСС). Севастопольдің аэродромы көріктеле берген. Орыс және бирман тілдерінде «Премьер-Министр У Нуга сәлем, Қош келдіңіз!» деген жазулар бар. Қырымды қызыл шүберекте теңіз самалы желіп тұр. Бағаналарда Бирма Одағының, ССРО-ның және УССР-дің мемлекеттік жалаулары желбірейді.

Жүздеген севастопольдіктер, қаладағы совет және қоғам ұйымдарының өкілдері бирмалық қонақтарды қарсы алуға келген. Қарсы алуға келгендердің ішінде УССР сыртқы істер министрінің орынбасары С. А. Слипенченко, еңбекшілер депутаттарының Қырым облыстық Советі атқомінің председателі М. Г. Кузьменко, Севастополь қалалық атқару комитетінің председателі С. В. Сосницкий, УССР Жоғарғы Советінің, еңбекшілер депутаттары Қырым облыстық және Симферополь қалалық Советтерінің депутаттары, мәдениет қайраткерлері, журналистер бар.

Қонақтар мінген самолет 14 сағатта жерге қонды. Одан Бирманың Премьер-Министрі У Нуга, оның зайыбы До Мья И, Бирманың ССРО-дағы Төтенше және Полномочіелі Елшісі У Монг Он, Бирманың Қытай Халық Республикасындағы Төтенше және Полномочіелі Елшісі У Хла Маунг, Бирманың Великобританиядағы Төтенше және Полномочіелі Елшісі У Чин және оның зайыбы Чин ханым, Премьер-Министрдің секретары У Тан, полковник Аунг Жи және У Хла, У Нве шықты. Олармен бірге Севастопольге ССРО Сыртқы істер министрінің орынбасары Н. Т. Федоренко, Совет Одағының Бирмадағы Төтенше және Полномочіелі Елшісі А. Д. Щиборин және ССРО Сыртқы істер ми-

нистрінің жауапты қызметкерлері келді.

Еңбекшілер депутаттарының Қырым облыстық Советі атқомінің председателі Г. М. Кузьменко қонақтарды қызу құттықтады.

Құттықтауға жауап бере келіп, У Нуга былай деді:

—Председатель мырза! Достар!

Мен бұл жерге алғашқы рет келіп отырсам да, Севастополь Бирма үшін белгісіз қала емес.

Севастополь дүниежүзілік екінші соғыс кезінде өзін қорғаған батырларымен Бирмаға өте жақсы таныс. Бирманың халықтары Севастопольді қорғаушылардың нацистерге қарсы ерлік жүресін шексіз көңіл аударып, масаттана қадағалап отырды. Сондықтан менің көзім осында келгенімді қаншалық мақтаныш етіп отырғандықтан жақсы аңғара аласыздар. Мен Москвадан жүрерде маған ондағы достарым Севастопольдің өте көрікті қала екенін айтты. Біз сіздің қаланың үстімен ұшып өткенде, оның шынында да көрікті екенін көрдік. Біз сіздің елдің басқа қалаларын да көрдік. Олар да өте жақсы екен.

У Нуга сөзінің қорытындысында қарсы алғаны үшін алғыс айтып, орысша:

—Мен мұнда Бирма еңбекшілерінің сәлемін өкелдім. Рахмет! — деді.

Аэродромнан қонақтар қалаға бет алды. Жол бойы оларды мыңдаған севастопольдіктер қызу құттықтады.

Бүгін қонақтар Севастопольдің көрікті жерлерімен танысады.

Премьер-Министр У Нугамен бірге Севастопольге Совет Одағында қонақ болып жүрген Бирма журналистері де келді.

Герман мәселесін шешу жолдары туралы

Бұдан үш айға жуық уақыт бұрын АҚШ, Құрама Корольдік, ССРО және Франция үкіметтерінің Басшылары Женева кеңесінде қабылданған сыртқы істер министрлерінің директиваларында «герман мәселесін шешу және Германияны еркін сайлау арқылы қайта қосу герман халқының ұлттық мүдделері мен Европа хауіпсіздігінің мүдделеріне сай жүзеге асырылуға тиіс» деп көрсеткен болатын. Содан бергі өткен уақыттың ішінде Женева кеңесі қойған міндетті шешудің екі жолы бар екені мүлдем айқын аңғарылып отыр.

Оның бірі, герман Демократиялық Республикасының бар екендігімен санаспай, оның халқына Батыс Германиядағы саяси режимді бүкіл Германияға тарату болып табылатын «қайта қосылу» таңу. Бұл жол бірінші Германияны соғыс топтарына қосуды көздейді. Герман Федеральдық Республикасы көзіргі уақытта сол топтардың қатысушысы болып табылады. «Германияны қайта қосудың» мұндай жолын, әдет бойынша, «күш көрсету тұрғысындағы» саясаттың жақтаушылары ұсынады.

«Женева рухын» нығайтуды жақтаушылар герман мәселесін шешудің басқа жолын жүргізуді көздейді. Төрт державаның үкімет Басшыларының директивасындағы негізгі ережелер мен оның мәнін қорғай отырып, олар Германияны қайта қосқанда, көзіргі жағдайда немістің екі мемлекеті — ГДР мен ГФР — нақтылы өмір сүріп отырғанын ескеру, Батыс Германияның да, сол сияқты Шығыс Германияның да халықтарының мүдделерін қамтамасыз

еті адымдар да жасады. Совет Одағының Герман Федеральдық Республикасымен қатынастарды оңдағанын және осы жылғы 20 сентябрьде ССРО мен Герман Демократиялық Республикасының арасындағы қатынастар туралы Договорға қол қойылғандығын еске салудың өзі де жеткілікті. Бұл шаралардың екеуі де, Европадағы хауіпсіздікті нығайту мақсаттарына қызмет етеді және Германияны бейбітшіл, демократиялық мемлекет ретінде қалпына келтіруге себепші болуға арналған. Бұл жөнінде ССРО мен ГДР арасындағы Договордың бесінші статьясына көңіл аудару қажет, онда былай делінген: «Келісуші Жақтар тиісті келіссөздер жүргізу жолымен бүкіл Германия үшін бейбіт реттеуге жету өздерінің негізгі мақсаты болып табылады дегенге келіседі. Осыған сәйкес олар бейбіт договорлар негізінде реттеу, Германияның бірлігін бейбітшілік және демократиялық негіздерде қалпына келтіру үшін қажетті күш-жігерін жұмсайды».

Егер барлық державалар, ССРО сияқты, халықаралық шиеленісті оған әрі бәсеңдетуге ұмтылатын болса, Германияны қайта қосу проблемасын шешу әлде қайда жеңілдеген болар еді. Алайда, соңғы уақыттың фактілері Батыста және федеральдық республиканың өзінде «Женеваның рухына» қайшы келетін, сондықтан коллективтік хауіпсіздік системасын құруды, демек, Германияны қайта қосуды жақындатпайтын, қайта алыстата түсетін үндер күшейіп отырғанын сыйпаттайды.

Жуырда шетел баспасөзі үш батыс державалары Герман Федеральдық Республикасы

жасауға арналған сөздерінің бірін сөйлеп шыққаннан кейін, Стиннесен Парижда шығатын «Матэн» газетінің тілшісі: «Стиннес мырза, сіз өзіңіздің сөйлеген сөзіңіз келіссөздерді болдырмау екенін білемісіз?» деп сұрады. Оған Стиннес: «білемін, солай болатынын болжағанмын да» деп жауап берген.

Стиннесер Батыс Германияда көзірде де аз роль атқарып жүрген жоқ. Олар жаңа жағдайда ескі тактиканы қолдануда. Осыған байланысты төрт державаның сыртқы істер министрлерінің Женеванда болатын кеңесі басталудан аз уақыт бұрын Герман Федеральдық Республикасы сыртқы саясатының басшысы Фон Брентано мақала жариялағандығын, ол мақаланы «шиеленісті бәсеңдетудің хауіп» деп ұялмай атағанын да айта кету керек. Бұл мақалада ол халықаралық шиеленісті бәсеңдетуге қарсы шығады, Батыс соғыс блоктарын нығайтуды жақтайды, яғни іс жүзінде Германияның қайта қосылуына қарсы шығады.

Алайда, Герман Федеральдық Республикасы халқының көпшілігі мұндай саясатқа қарсы. Германияны қайта қосу үшін жағдайлар жасауды жақтай отырып, олар Батыс Германияның Париж келісімдерінен және НАТО-ға қатысудан бастаруын талап етеді, Герман Демократиялық Республикасымен дереу келіссөздер жүргізуді талап етеді. Атап айтқанда, Германияның социал-демократиялық партиясы Федеральдық Республиканың Париж келісімдеріне және НАТО-ға қатысуына қарсы шығып отыр. Бір көңіл аударарлық нәрсе сол, Германияның социал-де-

Төрт держава Сыртқы істер министрлері Кеңесіндегі совет делегациясының баспасөз конференциясы

ЖЕНЕВА, 27 октябрь. (ТАСС). Кеше баспасөз конференциясында төрт держава Сыртқы істер министрлерінің Женева кеңесіндегі совет делегациясының өкілі Л. Ф. Ильичев ССРО Министрлер Советі Председателінің Бірінші орынбасары және ССРО Сыртқы Істер Министрі В. М. Молотовтың Герман Демократиялық Республикасының Президенті В. Пиккен және ГДР Премьер-Министрі О. Гротевольмен Берлинде жасаған әңгімесі жөнінде журналистерге хабарлады. Ильичев Европада коллективтік хауіпсіздік системасын құру туралы мәселеде, Германияны қайта

бірліктіру проблемасын да және басқа да мәселелерде ССРО Үкіметі мен ГДР Үкіметінің көзқарастардың толық бір екендігін әңгіме көрсетті деп мәлімдеді.

Тілшінің бірінің сұрағына жауап бере келіп, Ильичев кеңесте талқылауға жататын және В. М. Молотовтың Женеванда аэродромда жасаған мәлімдемесіндегі мәселелер тізбегі төрт держава Үкімет басшылары мақұлдаған сыртқы істер министрлеріне тапсырған директиваларындағы бұл мәселелердің тізбегіне толық сай келеді деп атап көрсетті.

Франция, Англия, Совет Одағы және АҚШ Сыртқы істер министрлерінің Женевадағы кеңесі

ЖЕНЕВА, 27 октябрь. (ТАСС). Бүгін делегациясын — сыртқы істер министрлігінің

АҚШ президенті Эйзенхауэрдің мәлімдемесі

НЬЮ-ЙОРК, 26 октябрь. (ТАСС). Юнайтед Пресс агенттігінің хабарына қарағанда, президент Эйзенхауэр төрт держава сыртқы істер министрлерінің Женеванда болатын Кеңесіне байланысты мынадай мәлімдеме жариялаған:

«Бұдан үш ай бұрын мемлекеттік секретарь Даллеспен екеуіміз Францияның, Великобританияның және Совет Одағының басшыларымен Женевада бас қостық. Кеңесті апарда менің айтқанымдай, бұл бас қосудың мақсаты «алдағы уақытта біздің жауапкершілігімізге жүктелетін проблемаларды шешуге мүмкіндік беретін жаңа рух туғызу» болды.

Дүние жүзі бұл кеңес шынында да жаңа рух туғызды деп үміт етеді.

Алайда, одан қайтып келгеннен кейін менің америкн халқына айтқанымдай, «шешуші сын» сыртқы істер министрлері біздің Женевандағы директиваларымызға сәйкес, бұл проблемалармен нақтылы шұғылданған кезде болады, ол үшін біздің елдеріміз жауапты, ол проблемалар өлі шешілмей тұрған кезде, шиеленіс пен қауіп бола береді.

Ертең төрт сыртқы істер министрлері осы жылғы июльде біз үзіп тастаған жұмысты қайта бастау үшін Женевада бас қосады. Олар, егер сол жаңа рух шынында да бар болатын болса, табылуға тиісті шешімдерді іздейді. Бұл шаралардың ішіндегі ең маңыздысы Германияны Европа хауіпсіздігі шеңберінде қайта қосу болып табылады.

Мемлекеттік секретарь Даллеспен екеуіміздің бұл мәселелер жөніндегі пікіріміз бірдей. Біз ол мәселелерді жиі талқыладық және соңғы екі аптаның ішінде ол екеуіміз бірлесе отырып, батыс елдердің Женеванда ұстайтын позициялары мен елгізетін ұсыныстарын қарастырдық. Ол ұсыныстар әділетті бейбітшілік орнатуға, хауіпсіздікті нығайтуға, жұрттың бәрін тыныштықта болуына жәрдемдесу мақсатын көздейді. Ол ұсыныстар шын мәнісінде ымыраласу және келісу рухын бейнелейді. Егер Совет Одағы да осындай рухпен келетін болса, зор табыстарға жетуге болады. Менің өзімнің үмітім осындай және мен америкн халқының үміті де осы деп сенемін.

Біздің бәрміз де Женевандағы оқығандарды зейін салып қадағалап отырамыз, өйткені олар «Женева рухының» шын мәнісіндегі өзгеріс екенін болған-болмағанын, оның бүкіл дүние жүзі күтін отырғандай, бейбіт прогреске шынымен жеткізе алатын-алмайтынын анағұрлым айқын көрсетеді».

ИЗРАИЛЬ-ЕГИПЕТ ШЕКАРАСЫНДАҒЫ СОҚТЫҒЫС

КАИР, 27 октябрь. (ТАСС). Баспасөз

ету тұрғысындағы қайта қосуды жақтайды. Герман проблемасын шешудің осы екі жолының әрқайсысының жақтаушылары мен қарсытарының арасында үздіксіз күрес жүріп жатыр. Ол күрес әресе соңғы аптада—сыртқы істер министрлерінің Женевадағы кеңесі жақындаған кезде күшейте түсті. Бұл кеңесте басқа мәселелермен бірге, герман проблемалары да талқыланбақ. Мұнда «күш көрсету тұрғысындағы» саясаттың кейбір жақтаушылары герман мәселесінде алдағы Женева келіссөздерін болдырмауға, сойтіп, «Женева рухының» өзін, яғни қоғамдық және мемлекеттік құрылыстары әртүрлі елдердің бейбітшілікпен және достықпен қатар өмір сүруін болдырмауға ұмтылатындығын барған сайын ашық көрсетіп отыр. Мысалы, Американың Юнайтед Пресс агенттігі АҚШ-та «Женевада Германияны қайта қосу мәселесі жөнінде келісім болмайтындығы үшін шіркеуі Россияға аударуды ойлайтын» адамдар бар деп хабарлайды.

Алайда, Германия халқы мен Европа жұртшылығы герман проблемасын шешуді іздемей, оны шешуге жол бермеуді іздестіретіндерді айыптайды. Немістер үшін өз Отанының бейбітшілік және демократиялық негізде қайта қосылуы—өмірдің аса маңызды мәселесі. Европада баянды бейбітшілік орнату мүддесі де осыны талап етеді. Міне сондықтан да герман проблемасын шешудің Совет Одағы ұсынған және нақтылы жағдайды дербестікпен өскеру тұрғысынан туған ұсыныстарын немістер арасынан да, сол сыяқты бүкіл Европада да неғұрлым көп адамдар жақтауда.

Германияны бейбіт және демократиялық жолмен қайта қосу—оңай іс емес. Бұған Париж соғыс келісімдері мен Герман Федеральдық Республикасының НАТО-ға түсуі кедергі болып табылады. Осыны өскере отырып, Совет Үкіметі мәселені шешуге жалпыевропалық коллективтік хауіпсіздік системасын құрудан бастауды ұсынды. Алғашқы кездерде бұл системаға көзіргі уақытта өмір сүріп отырған герман мемлекеттерінің екеуі де қатысқан болар еді. Мұның өзі Европада бейбітшілік пен хауіпсіздіктің баянды болуын қамтамасыз етуге себепші болып ғана қоймай, сонымен бірге көзіргі бар екі герман мемлекетінің арасындағы ынтымақты нығайтуға да қызмет етер еді. Мұнда ССРО Германияны қайта қосу— ең алдымен немістердің өз ісі екендігін үнемі атап көрсетуде.

Совет Одағы герман проблемасын шешудің барлық мүдделі елдерге текқана қолайлы жолын нұсқап қана қалған жоқ, мәселенің шешілуін жеңілдету үшін нақ-

сымен бірге сепараттық түрде Герман мәселесі жөнінде Женевада ССРО-мен келіссөздер жүргізудің «өзіндік жоспарын» жасағандығын хабарлады. Газет бұл жоспардың негізгі ережелерін жасырып та отырған жоқ. Ағылшын газеті «Дейли экспресстің» айтуынша, батыс державалар «хауіпсіздікті қамтамасыз ету жоспарын» текқана ССРО «Германияны біріктіру жоспарына қол қоюға келісім берген» жағдайда ғана қабылдайды. Мұнда газет ашықтан-ашық «Германияны біріктіру жоспары» дегеннен шындығында Герман Демократиялық Республикасын жұту жоспарын түсіну керек дегенді айтады.

Бүкіл Германияны милитаристік Солтүстік-атлантика одағына қосып алу жоспарымен байланысты бұл есуастық идеяны Герман Федеральдық Республикасының өзінде де кейбіреулер таратып жүр. «Біріккен Германияны бейтараптық ұстамау, Атлантика шартының пайдасына қарар қабылдаған жағдайда ғана Батыс орыстардың хауіпсіздікті қамтамасыз етуге ұмтылуын қарсы алады»,—деп жазады батысгермандық «Франкфуртер Альгемайне цейтунг» газеті.

Сонымен бірге, Батыс Германияны милитарландыру процесі жүріп жатыр. Батыс герман милитаристері мен олардың қамқоршылары Германияның бүкіл халқы мен бейбітшіл жұртшылықты болған фактінің үстінен шығарып, Германияның бейбітшілікпен қайта қосылуына жолды кесіп тастамақ болады. Батыс Германияда вермахт пен соғыс-теңіз күштері құрылып жатыр. Бундестаг солдаттық заңды талқылауда. Милитаристік және көкқұмарлық нсихат бөсендеген жоқ. Жуырда ГФР мен Солтүстік-атлантика одағына қатысушы 7 елдің арасында келіссөздер басталды. Бұл келіссөздер Батыс Германияны шетел өскерлерінің белгісіз уақытқа база ретінде пайдалануына мүмкіндік беретін келісім жасау туралы болып отыр.

Осының бәрі Германияны қайта қосуды тиісті де жеңілдетпейді. Герман Федеральдық Республикасында билен-төстеуші топтардың көптеген өкілдері немістер арасында келіссөздер жүргізу мүмкіншілігін жоққа шығарып, оған кедергілер жасап, кездесуге жол бермеуге тырысып отырғандығы да бұл мәселенің шешілуін қиындата түсуде.

Келіссөздерге кедергі жасап, оны болдырмауға тырысу—неміс реакциясы өкілдерінің байырғы дәстүрі. Жұртқа мәлім, бұл әдісті 1920 жылы одақтастармен келіссөздер жүргізудегі герман делегациясының басшысы— өнертәсіл шонжары Стиннес қолданған болатын. Кедергі

мократиялық партиясы октябрьдің бас кезінде Бремен өлкесіндегі Ландтагқа (жергілікті парламент) болған сайлауда нақ осы ұранды көтергені үшін тамаша жеңіске жетті.

Батыс Герман саяси қайраткерлері әртүрлі жоспарлар ұсынады, олардың пікірінше, бұл жоспарлар қайта қосылу мақсатына неғұрлым жақсы қызмет етеді. Мысалы бір топ қайраткерлер, оның ішінде орнынан түскен полковник Фон Бонин, бундестагтың депутаты Штегнер және басқалары «герман советі» дейтін жаңа орган құруды ұсынған. Олардың пікірінше, бұл органды ГДР мен ГФР-дің өкілдерінен және бейтарап өкілдерден құру керек болады. Бұл органның міндеті—Германияның қайта қосылуына ұйымдастыру жағынан әзірлік жасау. Васқа бір қайраткер—белгілі батысгерман пасторы Мохальский ГДР-мен ГФР бірлесе отырып, «жалпы германдық уақытша совет» құратын болсын, ол Германияны қайта қосу үшін бірінші нақтылы адым» болар еді деп ұсынған.

Батыс Германиядағы түрліше бағыт ұстаған газеттер ГФР-дің батыс соғыс блогі системасына, ең алдымен НАТО-ға қатысуына қарсы, жалпыгермандық келіссөздер жүргізуді жақтап неғұрлым көп үн көтеруде. «Шығыс Герман үкіметімен келіссөздер жүргізу Бонн үшін сөзсіз керекті және пайдалы нәрсе»—деп жазады «Гезамтдейче рундшау» газеті. Газет «мұндай келіссөздерді жүргізетін мезгіл жетті» деп көрсетеді. Социал-демократиялық «Вестдейче тагеллат» газеті жуырда былай деп жазды: «Бонның НАТО-ға қатысуы қайта қосылуға кедергі болып отырғаны, сондықтан мұның өзі немістердің мүдделеріне сай емес екендігі мүлдем айқын».

ГДР мен ГФР-дағы немістердің басым көпшілігі Германияны қайта қосу халықаралық шиеленісті жалпы бөсендету арқылы, коллективтік хауіпсіздіктің жалпы европалық системасын құру арқылы, немістердің өздері арасында келіссөздер жүргізу арқылы жүзеге асырылатынын жақсы түсінеді. Герман мәселесін осы жолмен шешу жөніндегі ұсыныстың күші сол—ол ұсыныс нақтылы жағдайды өскереді, барлық немістердің, Европадағы барлық халықтардың мүдделерін көздейді.

Сонымен бірге Совет Одағы тұжырымдаған бұл ұсыныстар бірде-бір державаның мемлекеттік мүдделеріне қайшы келмейді. Олар бейбітшілікті нығайту, әлеуметтік-экономикалық құрылысына қарамастан, барлық елдердің ынтымағын орнату принциптеріне негізделеді.

А. ШАТИЛОВ.

лардың июль кеңесінің қарары бойынша шақырылған Франция, Англия, Совет Одағы және Америка Құрама Штаттары сыртқы істер министрлерінің кеңесі ашылды.

Кеңеске ССРО Министрлер Советі Председателінің Бірінші Орынбасары және Сыртқы Істер Министрі В. М. Молотов бастаған совет делегациясы қатысып отыр.

АҚШ делегациясын АҚШ-тың мемлекеттік секретары Д. Даллес, Англия де-

л. Макмиллан, Француз делегациясын—сыртқы істер министрі А. Пинэ басқарады.

Ортаевропалық уақыт бойынша сағат дәл 16-да Ұлттар сарайының мәжіліс залынан кеңеске қатынасұшылар өздерінің орындарына келіп отырды.

Кеңеске қатысушыларды БҰҰ бас секретары атынан БҰҰ-ның европалық бөлімінің директоры А. Пельт құттықтады. Бұдан кейін бірінші мәжілісте председателдік етуші А. Пинэ кеңесті ашты.

Американ шолушысы Сыртқы істер министрлерінің Женева кеңесі туралы

НЬЮ-ЙОРК, 27 октябрь. (ТАСС). В. М. Молотовтың Женеваға келісімімен жасаған мәлідемесіне түсінік бере келіп, «Нью-Йорк таймс» газетінің Женевадағы тілшісі Миддлтон былай деп жазады: «АҚШ және Англия өкілдері, совет сыртқы істер министрі күшті позиция ұстап отыр деп қызқана тұжырымдайды». Миддлтон былай деп көрсетеді: Совет Одағы—кеңесте қатысушы төрттіктің ішінде Герман Демократиялық Республикасымен және

Герман Федеральдық Республикасымен дипломатиялық қатынастар орнатып отырған бірден бір мемлекет, егер бұл кеңесте Германияны қайта біріктіру ісінде прогреске қолжетпейтін болса, онда Совет Одағы екі герман үкіметімен келіссөздер жүргізе алатын бірден бір ұлы держава болады.

Алайда Миддлтон «батыстың Германияны қайта біріктіруге көзқарасы бірде бір өзгермейді, деп тұжырымдайды».

РИМДЕ БҮКІЛ ИТАЛҢЯНДЫҚ ЕҢБЕК КОНФЕДЕРАЦИЯСЫНЫҢ ҮЙІНЕ ШАБУЫЛ ЖАСАЛУЫ

РИМ, 27 октябрь. (ТАСС). «Униита» газеті 27 октябрьге қарағанда Римде БүкілИтальяндық еңбек конфедерация-

сының үйіне шабуыл жасалды деп хабарлайды. Белгісіз адам үйдің есігінен бомба тастаған, оның жарылуынан бірнеше бөлмелер бүлінген.

көше Эль-Ауджа ауданында Израиль және египет өскерлері арасында жаңадан қарулы соқтығыс болды деп хабарлайды. Египеттен берілген ресми хабарда былай делінген: Эль-Ауджа демилитарланған ауданның әлі күнге дейін басып алып отырған израиль өскерлері көше египеттің шекаралық постыларын артиллериядан және пулеметтен атқылаған. Хабарда египет өскерлері жауап оқ атып, израиль солдаттарын кейін шегінуге мәжбүр еткендігі айтылған.

ГРЕЦИЯДА ГРЕК-СОВЕТ ҚОҒАМЫНЫҢ УАҚЫТША ӘКІМШІЛІК СОВЕТІНІҢ ҚҰРЫЛУЫ

АФИНА, (ТАСС). «Авги» газеті былай деп хабарлайды: грек-совет қоғамын құру жөніндегі совет мүшелерінің өтінуі бойынша Афинаның бірінші сатыдағы сотының председателі грек-совет қоғамының уақытша әкімшілік советінің мүшелерін тағайындады. Советтің председателі болып университеттің профессоры Константинос Дионис, вице-председательдер болып—жазушы Леон Кукулас, дәрігер Ианнис Андононадис, бас секретарь болып жазушы және адвокат Эвтихиос Фиктиорис белгілі.

Баспасөзде былай деп көрсетілуде: уақытша әкімшілік советі грек-совет қатынастарын дамытуды «ұлттық миссия» деп санайды.

Редактор Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.

КИНОЛАРДА

«УДАРНИК» кинотеатрында

«АЯҚТАЛМАҒАН ПОВЕСТЬ»

Сеанстар сағат 6-50, 8-40 және 10-30 басталады.

«ОКТЯБРЬ» кинотеатрында

«АЯҚТАЛМАҒАН ПОВЕСТЬ»

Сеанстар сағат 5, 7, 9 және 11-де басталады.

Қаладағы барлық байланыс көсіпорындарында Октябрь мерекесімен құттықтаған табыс етілуге тиісті күні көрсетілген арнаулы телеграммалар қабылдана бастады. Мұндай телеграмманың табыс етілуге тиісті күні, мәселен «7 ноябрьде тапсырылсын» деп көрсетілуге тиіс. Қала еңбекшілерін құттықтайтын мұндай телеграммалар барлық почта-телеграф көсіпорындарында және телефон арқылы қабылданады.

Азаматтар! Туған, туысқандарыңызды, достарыңызды мерекемен құттықтап телеграмма беруге ұмытпаңыздар.



РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-83, партия және насихат бөлімдері — 0-22, ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-36, мәдениет-тұрмыс, хабар және тілшілер бөлімдері — 3-89, корректорлар бюросы — 4-39, газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.